

О.Х. Мұхатова , А.Т. Қаипбаева * 

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: Aina__78@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада Қазақ халық ағарту институтының қызметі Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде жинақталған қор құжаттары бойынша қарастырылады. Ағарту институты президумы, Халық ағарту институтының мектеп, белсенді студенттер кеңестері мәжілістерінде қаралған мәселелер туралы айтылады. Қазақстан халық ағарту институты туралы ереже және онда жұмыс жасаушылардың лауазымдық қызметі, оқытушылар құрамы, оқу-өндірістік жоспарлар, оқытылған пәндер бағдарламалары, пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарлары, пәндерді оқыту әдістемесі бойынша бағдарламалар және олардың мазмұны көрсетіледі. А. Байтұрсынұовтың, Т. Шонанұлының, Бурабаевтың ана тілін оқыту әдістемесі, сызу, география, қоғамтану, еңбек мектебінің теориясы және практикасы пәндері бойынша дайындаған оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұны ашылады. Ағарту институты студенттерінің саны, олардың оқыған пәндері, өндірістік тәжірибелері, дәрістерді және лабораториялық сабақтарды өткізудің әдістемесі нақты архив деректері негізінде баяндалады. Оқушылардың пәнді оқу нәтижесінде қалыптастыруға тиіс қабілеттері, әсіресе ұжымда бірлесе жұмыс жасау құзыреттілігін қалыптастыру тәсілдері аса құнды архив құжаттары бойынша талданады. Институттың ішкі тәртібі, оқушылардың білімін тексеру бойынша пән комиссиялары, оқу үдерісіндегі кемшіліктер мен олқылықтар, қиындықтар сипатталады. Студенттерінің шәкіртақысы және оның көлемі, сондай-ақ тұрмыс жағдайы қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақ АССР, Қазақ ағарту институты, Қызылорда мемлекеттік облыстық архиві, оқытушы, оқушы, оқу-өндірістік жоспарлар, пән бағдарламалары, тәжірибе, сабақ.

O. Mukhatova, A.T. Kaipbayeva*

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: Aina__78@mail.ru

Kazakh institute of people's education and its activities

The article examines the activities of the Kazakh Institute of Public Education according to the documents of the Kyzylorda State Regional Archives Foundation of the Republic of Kazakhstan. The questions considered at the meetings of the Presidium, the school council of the institute of public education, the council of student activists of KINO are presented. The regulation on the Kazakh Institute of Public Education and job descriptions of employees, teaching staff, training and production plans, programs and work plans of the studied disciplines, programs on the methodology of teaching disciplines and their content are disclosed. The content of curricula on the methodology of the native language, drawing, geography, social science, theory and practice of the labor school, which were prepared by A. Bayturusunov, T. Shonanuly, Burabayev, is revealed. On the basis of archival sources, the number of students, the disciplines they studied, industrial practices, methods of lecturing and conducting laboratory classes are stated. The abilities that form students as a result of studying subjects (especially the competence of joint work in a team) are analyzed based on archival documents. The internal discipline of the institute, the formation and work of subject examination commissions to assessment the knowledge of students, shortcomings and gaps, difficulties in the educational process are characterized. The scholarship of students and its size, as well as the living conditions of students are considered.

Key words: Kazakh ASSR, Kazakh Institute of Public Education, Kyzylorda State Regional Archives, teacher, student, educational and production plans, curricula, practice, lesson.

О.Х. Мухатова ¹, А.Т. Қаипбаева ²

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы,

* e-mail: Aina__78@mail.ru

Казахский институт народного образования и его деятельность

В статье рассматривается деятельность Казахского института народного образования по документам фонда Государственного архива Кызылординской области. Излагаются вопросы, рассмотренные на заседаниях Президиума, школьного совета института народного образования,

совета студентов-активистов КИНО. Приведены положение о Казахском институте народного образования и должностные инструкции работников, преподавательский состав, учебно-производственные планы, программы и рабочие планы изучаемых дисциплин, программы по методике обучения дисциплин и их содержание. Раскрывается содержание учебных программ по методике преподавания родного языка, черчения, географии, обществоведения, теории и практики трудовой школы, подготовленные А. Байтурусуновым, Т. Шонанұлы, Бурабаевым. На основе архивных источников излагаются численность студентов Казахского института образования, дисциплины, преподававшиеся в нем, производственные практики, методика чтения лекций и проведение лабораторных занятий. На основе особо ценных архивных документов анализируются способности, которые старались формировать у учеников в результате изучения предметов (в особенности компетентность совместной работы в коллективе). Дана характеристика внутренней дисциплине института, созданию и работе предметных экзаменационных комиссий по контролю знаний учеников, недостатки и пробелы, трудности, наблюдавшиеся в учебном процессе. Рассматриваются вопросы стипендии студентов, ее размера, а также бытовых условий учеников.

Ключевые слова: Казахская АССР, Казахский институт народного образования, Кызылординский государственный областной архив, преподаватель, ученик, учебно-производственные планы, учебные программы, практика, урок.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде Қазақ Қызылорда халық ағарту институтының құжаттары жинақталған қор қалыптастырылған. Қордың негізгі құжаттары болып ағарту институты президумы, өлкелік оқу орындары президумы кеңесінің, халыққа білім беру кеңесі мектеп кеңесі мәжілістерінің хаттамалары, Қазақстан халық ағарту институты туралы ереже, оқу-өндірістік жоспарлар, оқытылған пәндер бағдарламалары, пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарлары, пәндерді оқыту әдістемесі бойынша бағдарламалар, социалистік жарыстар бойынша келісім-шарттар саналады. Қорда аса құнды құжаттар да сақтаулы. Осы архив деректері бойынша 1920-1930 жылдардағы Қазақ халық ағарту институтының (деректерде орыс тіліндегі атауының аббревиатурасы қолданылады, яғни Казахский институт народного образования – КИНО) қызметіндегі назар аударарлық оқиғалар мен үрдістерді зерттеу жаңа форматтағы Қазақстан тарихын дайындауда көкейкесті болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасы Қызылорда мемлекеттік облыстық архивінің 4-қор – Қазақ Қызылорда ағарту институтының құжаттары және 1928 жылы жарияланған «Одақтық орталық атқару комитетінің 13-шақырылымындағы 3-сессиясына Қазақстан орталық кеңес комитетінің есептік мағлұматы» (Материалы к отчету ЦИК, 1928) атты материалдар жинағы құрайды.

Мәселені кешенді зерделеу үшін тарих ғылымдарындағы тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалары қолданылды. Жалпыметодологиялық қағидалар және кешенді, әмбебап зерттеу бағыттары архив қорларындағы құжаттарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеуде арнайы деректанулық және архивтанулық әдістер: талдау, синтездеу, фактілік, сыни, тұжырымдамалық, контент талдау, мазмұндық талдау, жүйелеумен қатар ретроспективті, баяндау, сипаттау, қорыту пайдаланылды. Зерттеу деректану және архивтану, тарих ғылымдарының заңдылықтарына сүйенді, өйткені олар белгілі бір қор құжаттарын тарихи дерек ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талдаулар

Отандық тарихтың тарихнамасында Қазақ халық ағарту институтының қалыптасуы және қызметі туралы арнайы зерттеулер орын алмаған. Ағарту институты жөнінде қысқаша мәліметтер Қазақ Совет энциклопедиясы және Ұлттық энциклопедияларда берілген. Е. Ривлин және У. Тураливтің «Народное образование в Кызыл-Ординской области за годы советской власти» деген зерттеуінде (Ривлин, Туралив, 1957) қазан төңкерісінен бастап Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі аралықтағы Қызылорда облысы аймағындағы білім беру тарихы талданған. Алайда Қазақ халық ағарту институты турасындағы мәліметтер жоқтың қасы. Педагогика саласының білікті маманы Қ. Құнантаеваның «Қазақстанда білім беру ісінің дамуы. 1917-1990 жж.» (Құнантаева,

1998) атты зерттеуінде өлкедегі барлық ағарту институттарының жұмыс жасағаны турасында бірер сөйлем ғана жазылған. Автор «1921 жылдың 1 шілдесінде Қазақстанда халыққа төрт білім беру институты жұмыс істей бастады. Орынборда жалпы саны 130 адамдық орысша, татарша – 223 адамдық, қазақша – 140 адамдық, семейде аралас – 90 адамдық. Олар бар болғаны 593 адамды қамтыды (Құнантаева, 1998:14). 1920-1930 жылдарда жалпы мектептер туралы еңбектер жарияланған. Солардың бірі Б. Малдыбаевтың «Қазақстандағы жоғары, орта дәрежелі мектептер» деген шағын еңбекте (Малдыбаев, 1926) өлкедегі барлық жоғары, орта дәрежелі мектептерге сипаттама берілген. Солардың ішінде Қазақ халық ағарту институты да аталады. Көрсетілген кезеңдегі білім берудің кейбір мәселелері Қазақстанның мәдени дамуы ауқымында Р.Б. Сүлейменовтің (Сүлейменов, 1987) зерттеуінде айтылады. Автор мәдени революцияның аясында орта және жоғары білім беру орындарына, мамандар даярлауға, жоғары оқу орындарын ұйымдастыруға атсалысқан тұлғаларға, сауатсыздықты жоюға, ғылыми мекемелердің қызметіне қысқаша тоқталып кеткен. И.Б. Мадин Қазақстандағы жоғары сырттай педагогикалық білім беруді зерделеуде 1920 жылдардағы оқу-ағарту ісіне шолу жасап өтті (Мадин, 1961).

Мұның өзі біз талдап отырған мәселенің бұрын-соңды зерттеу нысанына айнала қоймағандығын дәлелдейді. Сондықтан да Қазақ халық ағарту институты және оның қызметін архив құжаттары негізінде зерттеу өзекті болып саналады.

Қазақ халық ағарту институты 1919 жылы арнайы орта оқу орны ретінде Орынборда ашылып, жұмыс жасады. Бастапқыда оқу орны Қырғыз халық ағарту институты деп аталды. Оқу орны қалалардың жетіжылдық қазақ және ауылдық мектептеріне мұғалімдер даярлады (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 47). 1921 жылы институтта 140 студент білім алды. Оқу жоспары және білім беру бағдарламалары бойынша сабақ тек қазақ тілінде жүргізілді. Партия және совет орындары институттың материалдық базасын, оқушылардың тұрмыс жағдайын жақсарту, оқытушылармен қамтамасыз етуге зор қамқорлық жасады. 1923 жылы октябрьде Қазақстан өлкелік партия комитетінің пленумы қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлаудың нақты шараларын белгілеп, Орынбор халық ағарту институтына барлық жағдай жасау керектігін ерекше атап көрсетті. Институттың оқу-тәрбие жұмысы

біртіндеп жақсара түсті, оқытушылар мен оқушылар ересектердің сауатсыздығын жою, ескі әдет-ғұрыптармен күрес жүргізу, советтік жаңа мәдениетті халыққа насихаттау жұмыстарына белсене қатысты (Қазақ Совет энциклопедиясы, 1975:382). 1930 жылы 10 мамырда Алматыда өткен өлкелік педагогикалық мәжілісінде Қазақ ағарту институты өкілінің баяндамасында білім ордасының 1921 жылдың қараша айынан бастап мамандар даярлағаны, 1925-26 оқу жылында Орынборда қызмет көрсеткені, сол уақытта Қызылордаға ауыстырылғаны, содан бері жоғары типтегі кәсіби оқу орны ретінде қазақ мектептеріне мамандар даярлаумен айналысып келе жатқандығы айтылған. Баяндамада 1929-30 оқу жылы ағарту институтында 5 топтың, соның ішінде үшеуінің негізгі, екеуінің дайындық курстары болғандығына назар аударылған. Студенттерінің жалпы саны – 167 адам деп көрсетілген. 1928 жылдың басында ағарту институтында екі жылдық бірінші басқыш ауыл мектептеріне мұғалім қыздарды дайындайтын курстың ашылып, жұмыс жасайтындығы атап көрсетілген. Мұндай курстарда 44 қыз бала білім алған (Ф. 4. – Оп.1. Д. 17. ОЦ. Л. 25-28). Осы тарихи фактілер энциклопедиядағы мәліметтерге қарағанда шындыққа сәйкес келеді, өйткені ақпарат архив қорынан алынған, екіншіден салыстырмалы әдіс арқылы талдау баяндамада келтірілгендердің дұрыстығына көз жеткізеді.

1925 жылы институт Қызылорда қаласына көшірілді. 1925-1928 жылдары Сәкен Сейфуллин институтта сабақ берді, кейіннен ректор лауазымына дейін көтерілді. Қордағы көптеген құжаттардың арасынан Ташкент Инпросын Қазақстан аумағына көшіру, жетекшілерінің қашып кетуі, мүлкінің талан-таражға салынуы турасындағы Қазақ ағарту халық комиссариаты коллегиясына жолданған Тоқтыбаевтың баяндау хаты назар аудартады (Ф.4. Оп.1. Д.3. Л. 7). Құжатта Ташкент Инпросының Қазақстан аумағына көшірілуі біршама күтпеген әрі жылдам шешілген мәселе екендігі баяндалған. Алайда Инпрос үшін үлкен кемшілік екендігі жасырылмаған. С. Сейфуллин халық ағарту институтының Қазақстанға көшірілмей тұрып қызметінен алынған, оның орнына Сүлеев тағайындалған. Соңғысы институт көшіріліп жатқан тұста Стрельбицкийді ректордың орынбасары етіп тағайындап, өзі жасырынып қалған. Осыдан кейін оқу орнының мүлкі ешқандай ұйымдастырылусыз, басшылықсыз аулаға шығарылып, сол жерде БК(б)П жергілікті

ұйымының хатшысы Мамабаев жолдастың айтуынша, бірнеше күн тұрып қалған. Оның баяндауынша институт мүлкі жаппай ұрланып, талауға түскен. Ол кезде нақты қандай мүліктің ұрланғаны белгісіз күйде қалған. Алайда көп ұзамай Қызылордада осы мәселемен айналысқан арнайы комиссия құрылған. Бұдан өзге Орынбордан көшірілген тоғыз жылдық мектеп Ташкенттен көшірілген жетіжылдық мектеппен бірге Жер мәселесі жөніндегі комиссариаттың және ауыл шаруашылығы банкінің ғимаратына орналастырылған (Ф.4. Оп.1. Д.3. Л. 7). Ағарту институтында мемлекет және қоғам қайраткерлері Сейітқали Меңдешев, Темірбек Жүргенов, Құдайберген Жұбанов, Молдағали Жолдыбаев, т.б. дәріс берген.

Айта кетерлік жайт, Кеңес Одағында ағарту институттарының негізінен бағдарламалары бір болғанымен, екі типке бөлінген: индустриалды педагогикалық және агропедагогикалық. Физика-техника, химия-биология, қоғамдық ғылымдар, тіл және әдебиет мамандықтары бойынша бөлімдерге, яғни біздіңше айтқанда, факультеттерге топтастырылған (Ф.4. Оп.1. Д.5. Л. 4). Қазақ ағарту институты қызметін бастар тұста оқу орнында жұмыс жасайтын қызметкерлердің міндеттері айқындалған. Онда оқу бөлімі меңгерушісінің, хатшының, есепшінің, шаруашылық бөлімі меңгерушісінің, кітапханашының, аспазшының, асхана жұмысшының, аула сыпырушының, атбегінің, тазалық сақтаушының құқықтары мен міндеттері жеке-жеке көрсетілді. Мәселен, оқу бөлімі меңгерушісінің қызметтік міндеттеріне оқытушыларға триместрлер бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындауда тапсырмалар беру, оқытушылардың жұмысын үйлестіру, ұсынылған жоспарлар мен бағдарламаларды тексеру, оларға қорытынды жазу, оқытушылардың ұсыныстарын ескере отырып сабақ кестесін жасау, оқытушылар мен білімгерлердің сабаққа келуін қадағалау, сабаққа келмей қалған оқытушыларды есепке алу, оқытушыларды алмастыру, олардың сабақтарына кіру, қажет жағдайда ұсыныстар беру және т.б. (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 17). Осындай бағытта өзге де қызметкерлер мен жұмысшылардың лауазымдық міндеттері айқындалған.

1927 жылдың 10 қыркүйегінде Халыққа білім беру Қазақ ағарту институты кеңесінің мәжілісі өткізілді. Күн тәртібінде сабақтарды оқу жоспары бойынша бөлу мәселесі талқыланды. Оқу бөлімінің меңгерушісі Қаржаубаев оқу жоспарын оқып, оған сәйкес оқытушыларға

сабақтардың алдын ала келісімге байланысты бөлінгендігін атап айтқан. Жекелеген курстардың топтарға бөлінгендігін айта келіп, Қаржаубаев жолдас әрбір курстағы студенттердің тізімін оқып берген. Мәселен, бірінші дайындық курсына 41, екіншісінде 44, негізгі бірінші курста 45, екіншісі курста 53, үшінші курста 26, төртінші курста 13 студент білім алатындығын атап көрсеткен. Осыған орай және барлық курстардың пәндері жекелеген оқытушыларға бөлінген. Мәжілістің қаулысына сәйкес әскери дайындық пәнін оқыту екінші аптадан басталуға тиіс болған. Институттың талаптарына сәйкес келетін жаңа оқытушыларды қызметке шақыру да қаулыдан көрініс тапқан. Пәндер қаулы бойынша бөлініп, оқытушыларға бекітіліп берілген. Мәселен, кіші және жоғары топтардағы 6 сағат көлеміндегі қазақ тілі пәні Ахмет Байтұрсыновқа берілген. (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 1). 1-кластағы қол еңбегі, сызу және сурет салу, СССР географиясы пәндері де 1920–1921 жылдары Қазақ АССР-і халық ағарту комиссары қызметінде болған А. Байтұрсыновқа қосымша бөлінген. Қол еңбегі сабағын әскери дайындық сабағымен алмастыруға болады делінген. Осы және негізгі II кластардағы қазақ әдебиеті сабағы Т. Жүргеневке берілген. Халыққа білім беру жүйесі пәні Ж. Сейдалинге, География, Елтану және еңбек мектебі теориясы мен тәжірибесі Т. Шонановқа, қоғамтану О. Әлжановқа бөлінген. Алтыншы болып жекеленген пәндердің әдістері туралы мәселе қарастырылған. Қызылорда болыстық мемлекеттік архивінде сақтаулы құжаттарға сәйкес қазақ тілінің әдістемесі А. Байтұрсыновқа, математика Қаржаубаевқа, жаратылыстану Қасымовқа, география Т. Шонановқа, қоғамтану Әлжановқа жүктелген (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 2). Өкінішке орай Қаржаубаев пен Қасымовтың есімдері көрсетілмеген, жай ғана жолдас деген сөз қосылған. Оқытушыларға пәндердің қосымша берілуі мамандардың жетіспеушілігімен түсіндірілген (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 3). Осыған орай оқытушылардың жүктемесі көбейген. Орын алған ахуалды жақсарту мақсатында институтқа Байтасов, Кенжин, Сейдалин, Зайцева, Әлжанов сынды педагогтер қызметке шақырылған. Соңғы төртеуін институтқа тіркеудің мүмкіндігі туған.

Ағарту институтында бірінші негізгі топ студенттері мынадай пәндерді оқыған: қазақ тілі, орыс тілі, математика, тап күресінің тарихы, жаратылыстану, СССР географиясы, физика, химия, педагогика, қол еңбегі, сызу және сурет салу, денешынықтыру және әскери дайындық,

музыкалық сауаттылық. Ал екінші негізгі бөлімнің студенттері оқыған пәндер біршама басқа болды. Олар мына төмендегідей: қазақ әдебиеті, орыс тілі, математика, химия, физика, педалогия, халыққа білім беру жүйесі, саяси экономия, елтану, еңбек мектебінің теориясы және практикасы, материализм тарихы, қол еңбегі, әскери дайындық және денешынықтыру. Үшінші негізгі курс оқыған пәндер мынадай: қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті және оның тарихы, математика, физика, педалогия, саяси экономия, экономикалық география, СССР және РСФСР конституциясы, экономика, эволюция теориясы, мектептану, еңбек мектебінің теориясы мен практикасы, материализм тарихы, қол еңбегі, сызу, денешынықтыру және әскери дайындық. Төртінші курста студенттерге химия, педалогия, әскери дайындық, саяси экономия, материализм тарихы пәндері оқытылды (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 2).

Оқушылардың білімін тексеру бойынша пән комиссиялары құрылған. Мысалы, ағарту институты кеңесінің 1928 жылдың 16 наурызындағы мәжілісінде біліктілік комиссиясын ұйымдастыру арнайы қаралған. Комиссияның құрамына барлық пәндер комиссияларының төрағалары, олар төртеу, оқушы ұйымдарының төрағалары, жергілікті БК(б)П және комсомол ұяшығынан бір-бір өкілден енгізілген, өйткені институтта студенттерден құрылған белсенді топ жұмыс жасаған. Комиссия жұмысына оқу бөлімінің меңгерушісі жетекшілік еткен. Ал ректор оны басқаратын болған (Ф.4. Оп.1. Д.3. Л. 5).

Аталған архив қорында ағарту институты кеңесінің ағымдағы мәселелерді қарастырған мәжіліс хаттамаларының арасында ерекшеленетіндері де кездеседі. Мысалы, 1928 жылдың 16 наурызы күнгі мәжілісте бесінші болып жаңа алфавитте сабақ жүргізу туралы мәселесі қаралған. Мәселенің мән-жайымен таныстыру Шонановқа тапсырылған (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 13). Қабылданған қаулыда «жаңа алфавитте сабақ жүргізу қажет деп саналсын және оқу бөліміне жаңа алфавитті енгізу комитетінің өкілдерімен, Шонанов жолдаспен қажетті сағаттар туралы келісімге келу ұсынылсын, сондай-ақ жаңа алфавитте сабақ оқытуды өзге пәндердің есебінен қарастыру мүмкіндігі ұсынылсын» деп жазылған.

Халық ағарту институты кеңесінің мәжілістерінде ағымдағы мәселелер тұрақты түрде қаралып отырылған. Мәселен, себепсіз сабақтан қалған, кешіккен студенттердің жағдайы арнайы қаралған. Институттың белсенді оқушыларының 1927 жылы 20 қарашада оқу бөлімінің меңге-

рушісі Қаржаубаевтың қатысуымен өткізілген мәжілісте оқушылардың сабаққа қатысуының төмендеуі қаралған. Оқу үдерісін қалыпты жағдайға түсіру үшін сабаққа келмеген, кешіккен және сабақ үстінде кетіп қалған оқушылардан түсініктеме алып, себептерін анықтау институт кеңесіне тапсырылған. Сабақтан үнемі қалатын оқушылардың тізімін оқу бөліміне тапсырып, шара қолдануды талап еткен. Алғаш рет қазіргідей 42 сағат жіберген студенттер оқудан шығарылған. Ал 12 сағат жібергендерге ескерту, 24 сағат жібергендерге сөгіс жарияланған. Сабаққа келмеу екінші рет қайталанатын болса, 12 сағат жібергендерге сөгіс, 24 сағат жібергендерге қатаң сөгіс, 42 сағат жібергендер институттан шығарылған. Осындай жағдай үшінші рет орын алған болса, 12 сағат жіберген студентке қатаң сөгіс жарияланып, оқудан шығарылған (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 9). Институттан әлеуметтік жағдайы бойынша талапқа қайшы келетін студенттер де шығарылған. Мәселен, С. Сейфуллин, Қасымов, Қаржаубаев, Шустов, оқушылардан Утякова, Успанов, Байжанов қатысқан институт кеңесі президумының 1927 жылғы 5 қарашадағы мәжілісінде ағымдағы мәселелердің ішінде Әлиақпар Мұсабаевтың әлеуметтік жағдайы туралы мәселе қаралған (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 5). Себебі Әлиақпар Мұсабаев сауалнамада әлеуметтік жағдайы туралы өзіне қарама-қайшы келетін мәлімет берген. Келтірілген мәліметтері әртүрлі болғандықтан, анығына жету қиынға соққан. Шындығында Әлиақпар комсомол қатарынан әкесі бай болғандықтан шығарылған. Әкесінің Қазақстанның әр ауданында малы болған. Әлеуметтік жағдайы туралы анықтамада тек Қызылорда болысындағы мүлкі көрсетілген. Сондықтан да кеңес Ә. Мұсабаевты оқудан шығару турасында қаулы қабылдаған. Институттағы оқуын ол әкесінің Қызылорда болысынан басқа жерде мал-мүлкі жоқ деген анықтама алып келгенде қайта қабылданатыны жөнінде айтылған. Қордағы құжаттар Ә. Мұсабаевтың ағарту институты студенттерінің қатарына қайта қабылданғандығын дәйектейді (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 14). Сонымен қатар студенттер оқудан денсаулығының нашарлауына байланысты да шығарылған. Институт кеңесі президумының 1927 жылғы 26 қарашадағы мәжілісінде Даднева, Нысанғалиев, Қалижановтың өте көп көлемде сабақтан қалғандары, дәрігерлік комиссияға олардың денсаулықтарын анықтаудың тапсырылғандығы сөз болған. Қалижановтың 96 сағат жібергені атап айтылған, бірақ бұл жағдайдың

оның денсаулығына байланысты орын алғандығы анықталған. 1927 жылы оған демалыс беріліп, сабақтарын денсаулығы толығымен жақсарғанда жалғастыра алатындығы жөнінде қаулы қабылданған (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 7). 1930 жылдың 23 қазанында өткізілген институттың оқу бюросының белсенді студенттері және жұмысшы факультеттері тыңдаушыларының бірлескен жиналысының қаулысында оқу орнындағы қатаң тәртіпті ұстану туралы айтылған. Барлық оқушылардың сабаққа және жиналыстарға кешікпей келулері, қоңырау соғылысымен оқушылардың сабаққа кіруі, мұғалімнен кейін кірген оқушының кешіккен болып саналатындығы, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы тиіс екендіктері қадап жазылған. Сонымен қатар класта бас киімді шешу міндетті деп көрсетілген. Оқытушының рұқсатынсыз класта бір орыннан екінші орынға көшуге, сабақтан кетуге тыйым салынатындығы, барлық тәртіп бұзушылықтарды класскомның міндетті түрде белгілеп отыратындығы баса көрсетілген. Үзіліс кезінде кластың желдетіліп, барлық оқушылардың сыртқа шығуы талап етілген. Класта темекі шегуге, қоқыс тастауға, түкіруге қатаң тыйым салынған. Арнайы түкіретін жерлерде ғана бұған рұқсат етілген. Барлық жіберілген сабақтарды ақтайтын құжаттар талап етілген. Институтты ауылға және басқа жақтарға бару үшін өзбетімен тастап кетуге жол берілмеген. Мұндай жағдай орын алса, оқушы дезиртир деп жарияланып, оған қатаң сөгіс берілген. Қаулыда осындай 24 оқушыға қатаң сөгіс жарияланған. (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 20). Студенттердің барлығына бірдей көрінегін жерде сабақ кезіндегі дәліздегі кезекшінің міндеттері туралы ереже ілініп тұрған (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 21). Ережеде кезекшінің дәлізде сабақ өткізуге кедергі жасайтын тыныштықты бұзу, жүгіру, қатты сөйлеу және т.б. болдырмауды қадағалау тиістігі айтылған. Сондай-ақ кезекші дәліздегі тазалыққа жауап берген. Лас, қоқыс, ылғал тәрізді келеңсіздіктерге қарсы шара қолданған. Үлкен ыдыста қайнаған судың болуын да қадағалаған. Барлық байқаған тәртіпсіздіктерді есеп дәптеріне жазып отырған.

Сабақ өтпеген оқытушылар туралы мәселе де назардан тыс қалмаған. Осыған орай құрамында Мурзин, Қадырбаев, Қаржаубаев тәрізді оқытушылар бар арнайы комиссия құрылып, мәселенің анық-қанығы тексерілген.

Енді қордағы оқу бағдарламалары туралы мәселеге көшейік. Оқытушы Шонановтың «География» пәнінің оқу бағдарламасы 1927-1928 оқу

жылына арналып дайындалған. Бағдарламаның кіріспе бөлімі «жалпы ұғымдар» деп аталады. Онда жер шары, күн мен түн, жыл мезгілдері, олардың жер бетіндегі тіршіліктегі маңызы, мұхиттар мен құрлықтар, климаттық және жердің өсімдік белбеулері туралы түсініктер қамтылған. Негізгі бөлімі Еуропаның географиялық жағдайынан басталады. Еуропаның жер көлемі, жердің горизонтальды және вертикалды бөлшектенуі, климаты, топырағы және өсімдік жамылғысын қарастыру көзделген. Еуропаның өндірістік елдері Англияны және Бельгияны, ауылшаруашылық елдері Румыния, Венгрия, Италия, Пиреней, Балкан және Скандинавия елдері, аралас шаруашылықты елдер: Франция, Германия, Чехословакия, СССР-дың көршілері: Польша, Румыния, Литва, Латвия, Эстонияның халықшаруашылығын оқыту жоспарланған (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 1). Бұдан әрі Азияны дәл Еуропа тәрізді қарастырылып, оқыту көзделген. Азияны Шығыс, Оңтүстік, Батыс деп үшке бөлу арқылы білім беру діттелген. Осы жерден бірінші негізгі курсқа арналған бағдарлама аяқталады. Ары қарай екінші негізгі курс студенттері үшін жалғасып, Африка, Америка, Австралия елдерінің географиялық жағдайын оқыту көрсетілген. Соңында қорытынды жазылған. Бағдарламаны Т. Шонанов 1928 жылы 8 сәуірде қайта басқан. Сызу пәні бойынша оқу бағдарламасын А. Байтұрсынов дайындаған. Ол халық ағарту институты I және III негізгі бөліміне арналған. Бағдарламада ең алдымен сызу туралы жалпы түсінік берілген. Мәселен, үш бұрыш, сызу қағазы, калька, линейка, транспортир, қарындаш, циркуль және т.б. Бағдарлама авторы тік сызықтарды, дөңгелектерді, үшбұрыш, квадрат, көпбұрыштарды сызуға жеке-жеке тоқталып, оқытылатын мәселелерді көрсеткен. Соңында жобалық сызу туралы ұғым және заттарды табиғи түрде сызуды оқыту мәселелерін ашып көрсеткен. Бұл бағдарлама да 1928 жылы 8 сәуірде қайта терілген. Бірқатар пәндермен қатар «Ана тілін оқыту әдістемесінің» оқу бағдарламасы дайындалған. Пәнді оқытып, оның бағдарламасын дайындаған Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов екендігі сөзсіз. Алайда 1927 жылдың 5 қазанында дайындалған бағдарламаның соңында оқытушы деген жерде Ахмет Байтұрсынұлының тегі жазылмаған (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 9). Бір таңғаларлығы, грамматиканың, орфографияны оқытудың, оқуға үйрету, мәнерлеп оқу әдістемесі ерекше ыждахаттылықпен көрсетілген. Бағдарлама соңында стильдік ауызша және жазбаша жаттығуларды жасау көзделген. Бағдарлама соңында ағарту институты екінші сатыдағы еңбекшілер мектебіне мұғалім

даярлайтындықтан және өзге пәндермен қатар әдебиеттің оқытылатындығын ескеріп, сол пәнді оқытудың әдістемесі қоса көрсетілсе деген Т. Шонановтың пікірі тіркелген (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 9).

Қорда оқытушы Петропавловский дайындаған геометрия, IV курсқа арналған химия пәндерінің оқу-өндірістік жұмыс жоспары мен бағдарламасы тіркелген. Бағдарламада химия пәні бойынша практикалық сабақтардың тізімі берілген.

Архив қорындағы Халық ағарту институты «Еңбек мектебінің теориясы және практикасы» пәні бойынша дайындалған бағдарлама назар аудартады. Бағдарлама бірнеше тақырыптарға бөлінген. Алғашқысы «Педагогикалық жұмысты ұйымдастыру жүйесі» деп аталады. Мазмұны қысқаша мынадай түрде берілген: «Тәрбие жұмысының әдісі мен жүйесінің түсінігін анықтау. Оқыту әдісі мен жүйенің айырмашылығы. Сыныптық және пәндік оқыту жүйесі. Корреляция және оккорд жүйелері. Кіріктірілген оқыту жүйесі. Осы әдістердің салыстырмалы артықшылықтары. Мектеп жұмысын ұйымдастыруға арналған сыныптық және зертханалық жүйелер. Бұл жүйелерді қолдану тәсілдері» (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 9). Көріп отырғанымыздай, оқыту және тәрбиелеудің аражігі ажыратылып, мұғалім үшін нақты бағыттар берілген. Қазіргі уақытта дайындалатын оқу бағдарламалары көп жағдайда мұғалімді былай қойғанда кез келген адамның өзін шатастырады. Әдіс пен жүйені ажырата алмайтындар турасындағы әңгіме өз алдына. Мұның өзі сонау 1920-1930 жылдардағы білім беру мен тәрбиелеудің негіздеріне қайта оралудың қажеттілігінен хабар береді. Келесі тақырып «Педагогикалық жұмыстың есебі» деп аталады. Мазмұны есептің мақсаты, міндеттері, маңызы, түрлері, күрделілігі; қазақ мектептеріне арналған жеңілдетілген есептің қажеттілігі, ұжымдық есеп, білім алушылардың жетістіктерін бағалау; шеңберлі дәптер, есептің жоспарлы жұмыспен байланысы, күрделі есептердің қажетсіздігі; көрмелер, олардың жағымды және жағымсыз жақтары түрінде көрсетілген. Үшінші тақырып «Мектептегі қоғамдық пайдалы еңбек» деген айдармен берілген. Бұл бөлімнің мазмұнындағы мектеп шеберханаларының міндеттері және оларды ұйымдастыру, ауыл мектебіндегі шеберхалар қандай болуы керек деген мәселе өз заманында да, қазіргі уақытта да өзекті. Оқушыға білім беріп қана қоймай, белгілі бір кәсіпке үйрету екінің бірінде жоғары білімі туралы дипломы бар, бірақ ортанқолды

мамандарға зәру Қазақ Елі үшін ойланарлық жайт. Кейінгі тақырыптары «Мектеп жанындағы жер учаскелері», «Құрал-жабдықтар және жазғы мектептер», «Оқулық», «Мектеп кітапханасы», «Жазу тәсілдері», «Мектеп өлкетануы», «Еңбек мектебінің бағдарламасы» деп жалғаса береді. Осылардың арасында ауыл мектептерінің жанына жер учаскелерін алу, жазғы мектеп деген тақырыптардың маңызы зор. Қазіргі кезеңде де ауыл мектептері ғана емес, қала мектептері жанынан аз ғана болса да жер алып, жеміс-жидек, көкөніс өсіру оқушыларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, экономикалық жағынан да көп нәрсеге үйретер еді. Ал жазғы мектептерді ұйымдастырудың пайдалы тұстарының мол екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр. Ал олардың тамыры ХХ ғасырдың бас кезіне сәйкес келеді. Өлкетану түйткілдерін алғашқылардың бірі болып сонау 1920 жылдары көтерген Телжан Шонанұлының мектептегі өлкетану мәселесін өзі дайындаған бағдарлама енгізуінің де мәні бар. Бағдарлама авторының оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап өлкетанулық ізденістерді жүргізуге баулу керектігі туралы ойы осы тұста анық көрінеді. Қордан денешынықтыру пәні оқытудың оқытушы Сосин дайындаған оқу жоспарын да кездестіруге болады (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 11).

1927 жылғы 19 қарашада Бурабаев дайындаған «Қоғамтану» курсының бағдарламасы (Ф.4. Оп.1. Д.4. Л. 16). Қазақстандағы 1920 жылдардағы зайырлы білім берудің мазмұны мен бағытын бірден байқатады. «Адамзат дамуының алғашқы даму кезеңдері» деп аталатын бірінші бөлімінен маркстік-лениндік ұстаным анық байқалмағанымен «Феодализм» деп аталатын екінші бөлімінен қоғамтанудағы маркстік-лениндік ұстаным бірден көзге түседі. «Тауарлы капитализм» деген бөлімнің атауынан-ақ нендей мәселелердің оқытылатындығын аңғару қиын емес. Бұл бөлімде төңкеріске дейінгі Қазақстандағы сауда капитализмінің элементтері, бұрынғы отар өлке атты сұрақта енгізілген. Оларға қоса отар елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстарды, ХVІІІ ғасырдағы орыс сауда капиталының шабуылдарына қарсы қазақ көтерілістерін оқыту назардан тыс қалмаған. Ең соңғы бөлімге «Өндірістік капитализм» деген айдар берілген. Мазмұнына сәйкес өндірістік капитализмнің дамуындағы сауда капиталының рөлі, Англиядағы өндірістік төңкеріс, өндірістік пролетариаттың өсуі және жұмысшы қозғалысының басталуы, жаңа экономикалық құрылым мен ескі саяси форма-

ның қарама-қайшылықтары, Ұлы француз революциясы бірінші тармақшасы бойынша оқытылады. Екінші тармақшасы XIX ғасырдағы өндірістік капитализмнің дамуы, буржуазия мен пролетариат екі күрес күштері ретінде, еңбек заңнамасы, Англиядағы чартистік қозғалыс, I және II Интернационал мәселелерін қамтыған. Үшінші тармақшасы өндірістік капитализм дәуірінің саяси формаларын, Англия, Франция, АҚШ-тағы демократия мәселелерін оқытуға арналған. Төртінші тармақшасы жалпы сипаттама және XIX ғасырдағы идеологияны қарастыруға бағытталған. Кеңестік идеологияның күшіне еніп келе жатқан кезеңде XIX ғасырдағы идеологияның оқытылуының астарында құйтырқы саясат пен большевиктік билік ұстанымдарының жатқандығы түсінікті.

Қорда сақталған барлық бағдарламалардың арасында кеңестік зайырлы білім беру мен ағарту жүйесінің мән-мазмұнын рабфак оқытушысы Учковтың дайындаған, оқу-әдістемелік кеңесінің методисі Симвкова бекіткен «Эволюциялық ілімнің негіздері» ерекшеленеді (Ф.4. Оп.1. Д.14. Л. 44). Бағдарлама 42 сағатқа есептелген. Бағдарламаға сәйкес оқылатын дәрістердің кіріспе бөлімінде биологияның жаратылыстану ғылымдарының арасында алатын орны, пәні, биология ғылымының анықтамасы, практикалық және теориялық биология салаларындағы ымыраға келмес күрес, ғылымның таптық сипаты, биологияның теориялық және практикалық мәселелеріндегі маркстік-лениндік бағыт пен әдістері, биология курсы оқытуды Маркс, Энгельс, Ленин еңбектеріне негіздеп құру айтылады. Бұл мәселелерді баяндауға екі сағат бөлінген. «Тіршіліктің пайда болуы» деп аталатын бірінші тақырып алты сағат көлемінде оқытылатын болған. Тақырып бойынша алдымен дін тіршіліктің пайда болуы туралы деген мәселе қойылған. Бұдан соң Пастердің еңбектері бактериялар және олардың тарихи маңызы қойылған. Тіршіліктің пайда болуы және витаминикалық болжамдар, олардың дәлелсіздігі оқытылуы тиіс болған. Рихтер, Бомсен, Гельмгольцтің космозойлер туралы теориясы, Арренаус, Вернадскийдің панспермин теориясы, «мәңгілік өмір», «шынайы о дүниелік өмір» теориялары ғылыми жамылғы ретінде мәселелері қоса көрсетілген. Бұларға тіршілік туралы механикалық болжамдар қосылған. Тақырып шеңберінде тіршіліктің мәні, оның материялар дамуының өнімі, Энгельстің тіршілікке берген анықтамасы, материяның мәңгілігі және тарихилығы, өмірдің шектеулігі

мәселелері, т.б. оқытылуға тиіс болған. Екінші тақырып «Жануарлар әлемі эволюциясының жолдарын түсіндіру әдістері», үшінші – «Дарвинге дейінгі биологиядағы эволюциялық идеялар», төртінші – «Дарвин және оның ілімі», бесінші – «Адамның пайда болуы», алтыншы – Марксизм-ленинизм және дарвинизм» деп аталды. Әдебиеттер тізімі қарапайым емес, студенттерге Дарвиннің, Геккельдің, Ламарктың, Гартманның, Тимирязевтің, Кнаповичтің, Вейсманнның және т.б. еңбектеріне қоса Маркстің, Энгельстің, Лениннің шығармалары ұсынылған. Қорда сақтаулы бағдарламалардан институт студенттері «Диалектикалық материализм», «Таптық күрес (феодализм), «Экономикалық география», «Индустриялық өндіріс», «Ленинизм негіздері» және т.б. пәндерді де оқыған. Барлық пәндер бойынша дайындалатын оқу бағдарламалары диалектикалық материализмге негізделіп жазылған. Бұл студенттер кез келген пән бойынша марксистік идеологияны белсенді меңгеруі тиіс дегенді білдірген. Сондай-ақ барлық мамандықтар бойынша оқу материалдарының және бағдарламалардың сипаты мен міндеті педагогтерге дінге қарсы, интернационалдық, социалистік тәрбие берумен байланыстырылды (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 28).

Оқу үдерісіне қажетті оқу жоспарлары, бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулықтар циклдық бірлестіктерге мамандықтар бойынша топтастырылғаннан кейін ғана педагогикалық кеңестің бекітілуіне ұсынылған. Циклдық комиссиялар қоғамдық-гуманитарлық, физика-математика, жаратылыстану-география болып үшке бөлінген.

Дәрістерді оқумен қатар лабораториялық сабақтар жүргізілген (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 49). Лабораториялық сабақтар мынадай түрде өткізілген: тапсырма тақырыбы бойынша жұмысты жоспарлау, тапсырма материалын оқушының өзбетімен өңдеуі, оқытушының ақыл-кеңесі, яғни консультациясы, оқушының атқарған жұмысын дербес есепке алу, өңделген тапсырма нәтижелері бойынша қорытынды конференция. Тақырып бойынша жұмысты жоспарлау кезінде оқытушы оқушылармен бірге тапсырманың мақсатын, міндеттерін, орындау тәртібін, өңдеуге жатқызылатын материалды анықтаған. Тапсырманы сапалы орындауға қойылатын талаптар айқындалған. Оқушының өзіндік жұмысы дербестік және жауапкершілік қағидаларына негізделіп, екі-жақты: жеке және топтық сипатты иеленген. Әрбір оқушы тапсырманы толық өңдеп, оқыту-

шының алдында жауап берген. Топтық жұмыста оқушылар тапсырманы бір-бірімен тығыз байланыса, көмектесе отырып орындаған. Орындаған жұмыстың нәтижелеріне барлығы бірдей жауапкершілікпен қараған. Кабинетте атқарылған жұмыстың кемшіліктері мен олқылықтарын оқытушы бірден көрсетіп, оларды дұрыстаудың жолдарын түсіндірген. Мұның өзі оқушылардың ұжымда бірлесе жұмыс жасау қабілетін қалыптастырған. Баға беруде оқытушы осы құзыреттілікке ерекше мән берген. Сонымен бірге орындаған жұмыстың көлемі, оқушы білімінің тереңдігі, тапсырманы дербес орындай алуы, сабаққа қатысуы, белсенділігі, ұсынылған әдебиеттерді оқуы, зерттеу жүргізуі немесе тәжірибе жасауы бағаланған. Кабинеттері толық жабдықталмағанына, оқу құралдарының жетіспеушілігіне, кітапхана қорының мардымсыздығына қарамастан оқытушылары сапалы білім беруге, ал оқушылары терең білім мен тәлім алуға ұмтылған. Кітапханаға келіп түскен кітаптардың сапасы тексерілген. Кітап қоры аз болғанымен ағарту институты 11 газет, 19 журнал жаздырып алған (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 50). Ұмтылыс сәтті, табысты аяқталып отырған. Көріп отырғанымыздай, қазіргі уақытта жүргізілетін семинар сабақтарына ұқсағанымен ерекше тұстары да жеткілікті. Бәз біреулер айтатындай, құзыреттіліктер оқытудың кредиттік технологиясы бойынша емес, сонау кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасып келе жатқан кезеңінде орын алған. Сабақ өткізу бойынша сол кездегі жүйеден аларымыз бар екендігі де байқалады. Әсіресе оқушының тапсырманы орындаудағы дербестігі, жауапкершілігі, зерттеу немесе тәжірибе жүргізуі қазіргі ғаламтордан дайын материалды көшіріп алатын, тапсырманы формалды орындайтын, кітап оқымайтын студенттерге үлгі боларлықтай.

Оқу үдерісінде тәжірибелерге де айтарлықтай көңіл бөлінген. Тәжірибенің екі түрі болған: қоғамдық-саяси және үздіксіз өндірістік. Тәжірибелерден студенттер жеті және тоғызжылдық мектептерде өткен. Соңғы курс студенттерін Мәскеу, Ленинград қалаларына экскурсияға апарған (Ф.4. Оп.1. Д.2. Л. 7). Сонымен қатар институтта студенттердің қоғамдық жұмыстарды атқаруларына барынша мән берілген. Осындай жағдайда білім берген институттың мамандар даярлаудағы жетістіктері қомақты болған. 1928-1929 оқу жылында I сатыдағы ауыл мектептері үшін мұғалім қыздарды даярлайтын екі жылдық дайындық курсы жұмыс жасаған. Болашақ мұғалім қыздардың саны 44 болған (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 47).

1929 жылы қыркүйекте бұрынғы Ташкент халық ағарту институтынан екі дайындық және бір негізгі курс, барлығы 51, қарақалпақтарды дайындайтын жұмысшы факультетінен 63 оқушы жіберілген. Төрт оқу орнын біріктірген Қызылорда халық ағарту институтында 11 топта 373 (түзетілгені 326) оқушы білім алған. Әр топта орта есеппен 16-дан 40-қа дейін студент болған. I негізгі курсқа жетіжылдық, ал дайындық курсына төртжылдық мектепті бітіргендер қабылданған. Қабылдау кезінде оқушылардың әлеуметтік шығу тегі жіті тексеріліп, қатаң таңдаудан өткізілген. Осындай іріктеу арқылы қабылдау нәтижесінде 1929-1930 оқу жылында ағарту институтында 5, екі дайындық және үш негізгі топ болған. Жалпы саны 167 студент оқыған. Алайда ағарту институты өкілінің Алматы қаласында 1930 жылы 10 мамырда өткізілген өлкелік педагогикалық кеңесінде жасаған баяндамасының тезисінде 154 саны 167-ге өзгертілген (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 47). Ағарту институтының педагогикалық құрамында, штатта 9 және сырттан шақырылған 18 оқытушы қызмет еткен. Оқытушылардың білім деңгейі оларды тұрақты түрде қайта даярлаудан өткізуге зәру болған. Оқытушылардың біліктілігін арттыру институттың әлсіз тұстарының бірінен саналған. Халық ағарту институтының басшысы болып Ағарту халық комиссариаты тағайындаған ректор есептелді. Оның жанында мектеп кеңесі жұмыс жасаған. Кеңеске оқу бөлімінің меңгерушісі, курстардың меңгерушісінің хатшысы, шаруашылық жұмыстары меңгерушісі, студенттік ұйымдардың: партия ұйымынан 1, комсомол ұйымынан 1, кәсіподақ ұйымынан 1, педагогикалық ұжымнан және жергілікті жұмысшы кәсіподағынан өкілдер енгізілген (Ф.4. Оп.1. Д.17. Л. 48). Кеңес мәжілісі айына екі рет өткізілді.

Халық ағарту институтының мектеп кеңесі 1930 жылғы 14 наурыздағы отырысының оқу үдерісіндегі кемшіліктер мен олқылықтар арнайы қаралған. Мәжіліс хаттамасында ғимараттардың бос болмауы, жарықтың жетіспеушілігі, сауатсыздықты жою, жұмысшы факультеттерінде мамандар даярлау және т.б. салдарынан кешкі уақыттарда оқыту дұрыс жолға қоюға қол байлау тудырғандығын көруге болады (Ф.4. Оп.1. Д.8. Л. 14). Дегенмен студенттерді іс сапарларға жіберу тоқтатылмаған. Аса маңызды шараларды атқаруға тек партия қатарындағылар, комсомолдар таңдап алынған. Студенттерді таңдап алу Әлжанов пен Әлімовке жүктелген (Ф.4. Оп.1. Д.8. Л. 14).

Өлкетану, орыс тілі және әдебиеті пәндері бойынша үйірме жұмыстары жүргізілмеген. Студенттерді әртүрлі жұмыстарға: егін егуге, сауатсыздықты жоюға, қажетсіз шикізат жинауға айтарлықтай көп мөлшерде іс сапарға жіберуге байланысты қалған студенттердің жұмыс қабілеті төмендеген. Біліктілікті көтеруге арналған мұғалімдер мен жоғары курс студенттерінің әдістемелік баяндамаларын тыңдау жоспары орындалмай қалған. Түрлі себептерге байланысты бірқатар оқытушылар: Тілепбергенов, Шонанов, Станоткин, Асанбаев басқалармен алмастырылған. Алайда мұның зардаптары көрсетілмеген.

Жұмысшы факультеттерінде мамандар даярлауда да бірқатар қиындықтар туған. 1929 жылдың 27 желтоқсанындағы мектеп кеңесі мәжілісінде жұмысшы факультеттерінде білім алатындарды орналастыру мәселесі арнайы қаралған (Ф.4. Оп.1. Д.8. Л. 7). Тыңдаушылар қыздар жатақханасына, изоляторға, клубқа дейін орналастырылған. Студенттер жатақханасындағы бөлмелерді 12 адамға дейін толтыру шешілген. Тіпті кітапханашы Нығматуллиннің пәтеріне де тыңдаушыларды жатқызған. Осыған орай мамандарды мерзімінен бұрын дайындап, шығару мәселесі де көтерілген.

Қазақ ағарту институты студенттерінің шәкір-Отақысы мәселесі де мектеп кеңесі мәжілістерінде қаралған. Мәселен, 1930 жылдың 12 сәуіріндегі мәжілісте бұл мәселе күн тәртібіне қойылған. Бір айта кетерлік жайт, осы кезде институт ректорынан өзге оқу ісінің меңгерушісі, педагогикалық кеңестің төрағасы, кәсіподақ ұйымының төрағасы қазақ емес ұлт өкілдерінен тағайындалған. Жұмысшы факультетінде оқытындар 16, мұғалім қыздар даярланатын курстарда білім алатындар 20, институттың I және II негізгі курстарының студенттері 30, III курс студенттері 35 сом шәкіртақы алған (Ф.4. Оп.1. Д.8. Л. 16). Шәкіртақының ішіне студенттердің тамақтануы, киімдері, төсек жапқыларын сатып алу кірген. Кір жууға, моншаға түсуге арнайы қаржы бөлінбеген. Ақылы қызметте жұмыс жасайтын, 40 және одан жоғары жалақы алатын студенттерге шәкіртақы берілмеген (Ф.4. Оп.1. Д.8. Л. 13).

1930 жылдың 3 қаңтарында Әлжанов, Әлімов, Троицкий, жергілікті комитет төрағасы Шәріпов, кәсіподақ төрағасы Дадиев, комсо-

мол ұйымы хатшысы Тұяқов, партия ұйымы хатшысы Тілегенов қатысқан мектеп кеңесі мәжілісінде әртүрлі мәселеде Нұралиев және Иралиев деген студенттерді оқудан шығару қаралған. Себебі олар бай элементтері болып саналған, ата-аналары астық дайындауға қарсы шыққан делінген. Ақ-қарасын анықтап жатқан ешкім жоқ. Кезінде Нұралиев тоғыз жылдық мектептен шығарылған. Сондықтан да екеуін халық ағарту институтынан оқудан шығару туралы қаулы қабылданған. Байжұманов деген студентті әкесі бай тұқымынан шыққан атқосшы болып еңбек еткені үшін оқудан шығарған (Ф.4. Оп.1. Д.8. Л. 11). Қалжанов пен Бөлекбаевтың әкелері діни қызметкерлерге жататындықтан оларды да оқудан шығарып жіберген.

Қорытынды

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақыттарда мектеп жүйесінің жылдам өсуі мұғалімдердің қатарын көбейтуді талап етті. Ағарту институты өлкедегі ауыр әлеуметтік-экономикалық және күрделі саяси жағдай орын алған кезеңде қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлаумен айналысты. Оқу орнының материалдық-техникалық жағдайын жақсартумен қатар қажетті оқытушы мамандарды да тартты. Институттың оқу үдерісі, оқыту әдістемесі кеңестік идеология және социалистік қоғам орнатуға қажетті мамандар даярлау талаптарына сәйкес келді. Жыл сайын даярланатын мұғалімдердің саны артты. Санмен бірге оқу сапасын арттыру мәселесіне де жіті көңіл бөлінді. Мұны архив қорында сақтаулы құжаттар дәйектейді. Институттың оқытушылары мен оқушылары Қызылорда облысының қоғамдық-саяси, мәдени-шаруашылық өміріне белсене араласты. Ауыл мектептеріне мұғалімдер дайындап қана қоймай жаңа кеңестік зиялы қауымның қатарын көбейтуге де үлес қосты. 1930 жылдары республикада педагог және мұғалімдер институттарының көбеюіне байланысты Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылғы 15 қазандағы қаулысы бойынша ағарту институты жабылды.

Мақала АР08856779-ОТ-20 «XX ғасырдың 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім беру мен ағарту жүйесі» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- Қазақ Совет энциклопедиясы. (1975). 6-т. Алматы: «Энциклопедия» баспасы. 639 б.
- Құнантаева К. (1998). Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990 жж). Оқу құралы. Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті. 138 б.
- Государственный архив Кызылординской области (ГА КО). Казахский Кызылординский институт просвещения. Ф.4. Оп.1. Д.2. Л.15. Протоколы заседания Совета Казахского института и президиума совета института народного образования. Докладная записка о переброске Ташкентского инпроса в Кызылорду и протоколы заседаний президиума Совета Казинпроса. ГА КО. Ф.4. Оп.1. Д.3. ОЦ. Л.9.
- Учебно-производственный план по отдельным предметам. Годовые программы курсов Казахского института просвещения. ГА КО. Ф.4. Оп.1. Д.4. ОЦ. Л.22.
- Протоколы заседания Президиума Совета краевых учебных заведений о размещении курсов по подготовке в рабфак. ГА КО. Ф.4. Оп.1. Д.6. ОЦ. Л.6.
- Протоколы заседания школьного совета Казахского института просвещения об укомплектовании преподавательского состава. Информация о ходе строительства. ГА КО. Ф.4. Оп.1. Д. 8 л. ОЦ. Л. 66.
- Программа по курсу «Основы эволюционного учения для переподготовки учителей школ повышенного типа. ГА КО. Ф.4. Оп. 1. Д.14. ОЦ. Л.7.
- Договор социалистического соревнования заключенный между Кызылординским и Семипалатинским институтами. ГА КО. Ф.4. Оп.1. Д.17. ОЦ. Л.50.
- Мадин И.Б. (1961). Высшее заочное педагогическое образование в Казахстане. Алма-Ата. 66 с.
- Малдыбаев Б. (1926). Қазақстандағы жоғары, орта дәрежелі мектептер. Қызылорда: Қазмембас. 40 б.
- Материалы к отчету (1928) Центрального исполнительного комитета Казахской автономной социалистической советской республики на 3 сессии ВЦИК 13-го созыва. Кзыл-Орда. 113 с.
- Ривлин Е., Туралиев У. (1957). Народное образование в Кзыл-Ординской области за годы советской власти. Алма-Ата. 57 с.
- Сулейменов Р.Б. (1987). Великий Октябрь и культурные преобразования в Казахстане. Алма-Ата: Наука. 88 с.

References

- Qazaq Sovet encyclopediasy. (1975). 6-t. [Kazakh Soviet encyclopedia]. Almaty: izdatel'stvo enciklopediya. 639b.
- Kunantaeva K. (1998). Qazaqstanda bilim beru isinin damuy. 1917-1990jj. Oqu qyraly [Development of Education in Kazakhstan. 1917-1990. Content of Education]. Almaty, Y. Altysaryn atyndagy qazaqtyn bilim bery akademiyasynsyn respublikalyq baspa kabineti. – 138b.
- Gosudarstvennyy arhiv Kyzylordinskoj oblasti (GA KO). Kazakskii Kyzylordinskii institut prosvesheniya. F.4. Op 1. D.2. L. 15. Protokoly zasedaniya Soveta Kazakskogo instituta i prezidiuma soveta instituta narodnogo obrazovaniya [State Archive of Kyzyl Orda region. Kazakh Kyzyl Orda Institute of Education. minutes of meetings of the Presidium Kazakh Institute of Education].
- Doclodnaja zapiska o perebroske Tashkentskogo inprosa v Kyzylordu i protokoly zasedanii prezidiuma Soveta Kazinprosa GA KO. F.4. Op.1. D.3. OC. L.9. [Report on transferring Tashkent Institute of Education to Kyzyl Orda and minutes of meetings of the Presidium Kazakh Institute of Education].
- Uchebno-proizvodstvennyi plan po otdelnym predmetam. Godovye programmy kursov Kazakskogo instituta prosvesheniya GA KO. F.4. Op.1. D.4. OC. L. 22. [Education schedule on certain subjects. Ready programs of training courses at Kazakh Institute of Education].
- Protokoly Zasedaniya Prezidiuma Soveta kraevykh uchebnykh zasedanii o rezmeshenii kursov po podgotovke rabfak GA KO. F.4. Op.1. D.6. OC. L.6. [Presidium of Krai Education Presidium's meetings. Minutes of meetings].
- Protokoly zasedaniya shkolnogo soveta Kazakskogo instituta prosvesheniya ob ukomplektovanii prepodavatel'skogo sostava. Informaciya o hode stroitel'stva GA KO. F.4. Op.1. D.8.l. OC. L.66. [School council of Kazakh Institute of People's Education. Meeting dedicated to filling out the teaching stuff. Information about the course of construction works].
- Programma po kursu "Osnovy evolyucionnogo ucheniya dlya perepodgotovki uchitelei shkol povyshennogo tipa GA KO. F.4. Op.1. D.14. OC. L.7. [Curricula on training course "Foundations of evolution theory for re-training of industrial school teachers"].
- Dogovor sociolisticeskogo sorevnovaniya zaklyuchennyi mejdru Kyzylordinskim i Semipalatinskim institutami GA KO. F.4. Op.1. D.17. OC. L. 50. [Treaty on socialist emulation between Kyzyl Orda and Semipalatink institutes].
- Madin I.B. (1961). Vyshee zaocnoe pedagogicheskoe obrazovanie v Kazakhstane [Higher distance pedagogical education in Kazakhstan]. Alma-Ata. 66 s.
- Maldybaev B. (1926). Qazaqstandagy jogary, orta darejeli mektepter [Higher education institutions and secondary schools of Kazakhstan – in Russian]. – Kyzylorda: Qazmembas. 40b.
- Materialy k otcetu (1928) Sentralnogo ispolnitelnogo komiteta Kazakhskoi avtonomnoi sosialisticheskoi sovetskoi respubliki na 3 sessii VSİK 13-go sozyva. Kzyl-Orda. 113s. [Materials for the report (1928) of Central Executive Committee of Kazakh Autonomous Socialist Soviet Republic at the 3rd Session of VTsIK, 13th convocation. Kzyl-Orda, 113 pages].
- Rivlin E., Turaliev U. (1957). Narodnoe obrazovaniya v Kyzyl-Ordinskoi oblasti za gody sovetskoi vlasti [People's education in Kyzyl-Orda region during the Soviet rule]. – Alma-Ata. 131s.
- Suleymenov R.B. (1987). Veliki Okiybr i kulturnye preobrazovaniya v Kazakhstane [The Great October and cultural changes in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka., 88s.